



Пайдаланушылық келісім

1. Осы Пайдаланушылық келісім www.kaspi.kz/shop интернет-ресурсының (бұдан әрі – Интернет-ресурс) барлық кірушілері мен пайдаланушыларына қолданылады. Жеке тұлғалардың Интернет-ресурсқа кіруі/Интернет-ресурстың материалдарын пайдалануы/Интернет-ресурста тіркелуі олардың осы келісіммен алып қоюсыз және шектеусіз толық көлемде келісетінін растайды.

2. Интернет-ресурс арқылы тауарларды/жұмыстарды/қызмет көрсетуді (бұдан әрі – Тауарлар) таңдау және сатып алу мүмкіндігін алу мақсатында Интернет-ресурста тіркелген жеке тұлға Пайдаланушы болады.

3. «Kaspi Магазин» ЖШС (бұдан әрі – ЖШС) Пайдаланушыға Интернет-ресурста Тауарларды өткізетін сатушылардан (бұдан әрі – Сатушылар) Тауарларды таңдау және сатып алу, Тауарларды кредитке сатып алу үшін ЖШС–мен ынтымақтастық туралы шарт жасасқан екінші деңгейдегі банкте кредиттік өтінімді ресімдеу мақсатында Интернет–ресурсты пайдалану мүмкіндігін береді.

4. Интернет-ресурстағы және оның бөлімдеріндегі барлық мәліметтер мен деректер, соның ішінде Тауарлардың бағасы, сипаттамалары, бар-жоғы туралы ақпарат пен Тауарларды таңдау және Сатушылардан сатып алу, Тауарды сатып алуға кредитті ресімдеу және т.б. туралы өзге де ақпарат ақпараттық мақсатта болады және жария оферта емес. Интернет-ресурсты пайдалануға байланысты ЖШС, Интернет-ресурс жіберетін кез келген хабарлама Банкпен және/немесе Сатушымен шарт/мәміле жасасуды не оның жасалғанын растауды білдірмейді және қандай да бір шартты/мәмілені жасасуға оферта/акцепт болып табылмайды.

5. Пайдаланушылар Сатушыдан сатып алынатын Тауарға қатысты барлық шағымдарды, өтініштерді, ескертулерді Сатушыға жолдайды. Тауардың сапасына, бағасына, бар-жоғына, оны жеткізу шарттарына және күніне, Тауарды беру рәсіміне, Тауарды қайтаруға, соның ішінде Тауарды Пайдаланушыдан Сатушыға жеткізуге байланысты барлық даулар ЖШС-ның қатысуынсыз Пайдаланушы мен Сатушының арасында өзара шешіледі. ЖШС жауапкершілігі мен міндеттері заңнамада және ЖШС мен Пайдаланушының арасында жасалған шарттарда көзделген жауапкершілікпен шектеледі.

6. Тауар туралы Интернет-ресурста орналастырылған ақпаратты (сипаттамалары, бағасы, фотосуреттері, бейнематериалдары және т.б.) Сатушы ұсынады. ЖШС Интернет-ресурста ең нақты және өзекті ақпаратты қамтамасыз етуге тырысады, дегенмен Интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың негізінде ғана қабылданған шешімдердің нәтижесінде туындаған шығын, залал немесе шығыс үшін жауапкершілік атқармайды.

7. ЖШС өз қалауымен алдын ала ескертпей, кез келген уақытта көрсетілетін қызметтер туралы деректерді, Интернет-ресурста орналастырылған кез келген ақпаратты, сондай-ақ осы Пайдаланушылық келісімді өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

8. Мәтіндер, суреттер, мультимедиялық материалдар, бағдарламалық кодтар, ақпараттық, жарнамалық материалдар мен осы Интернет-ресурстың мазмұнын құрайтын авторлық құқықтың өзге де объектілері авторлық құқықтармен қорғалған.

9. Пайдаланушы мынаумен келісіп, оны растайды: Интернет-ресурста тапсырыс жасау және/немесе Пайдаланушының тіркелуі және/немесе өзара әрекет ету және жауаптардың мәтіндік хабарламалар (бұдан әрі – чат-бот) түрінде жөнелтушіден алушыға және керісінше ақпаратты беру үшін Интернет-ресурста автоматтандырылған жүйелерді пайдалану фактісі:

9.1. ЖШС-ға, Сатушыға, Банкке, чат-бот қызметтерін көрсететін тұлғаларға, курьерлік қызметтерге, электрондық сауда операторларына, мемлекеттік органдарға, соның ішінде байланыс қызметін (пошта, телефон, ұялы және басқа да байланыс түрлерін) көрсететін тұлғаларға:

- 1) Интернет-ресурс арқылы Тауар сатып алуға байланысты, соның ішінде Пайдаланушы мен Сатушының арасында Тауарды сатып алу-сату шартын жасасу және орындау үшін;
- 2) курьерлік қызметтердің, электрондық сауда операторларының, мемлекеттік органдардың, пошта байланысы операторларының қызмет көрсетуіне, соның ішінде Пайдаланушы Интернет-

ресурста ресімдеген Тауарларды жеткізу, жіберу, кедендік ресімдеу, декларациялау бойынша ресімдерді жүргізу мақсатында қызмет көрсетуіне;

3) Тауарды кредиттің есебінен сатып алу мақсаты үшін Пайдаланушының Банкке кредиттік өтінімді беруіне, ресімдеуіне байланысты;

4) Пайдаланушылардың Интернет-ресурста Тауар сатып алуы барысында, соның ішінде Пайдаланушы ресімдеген тапсырысты өңдеу, Банктің Тауарды сатып алуға кредит беруін қарастыру, ресімдеу, Тауарды сатып алуға, кредит алуға, төлем жасауға, Тауарды/ақшаны қайтаруға және т.б. байланысты туындаған/туындайтын талаптарды, құқықтар мен міндеттемелерді орындау/сақтау мақсаттары үшін аталған тұлғалардың арасында байланыс жасау үшін ЖШС және/немесе Сатушы және/немесе Банктің арасындағы өзара әрекет етуді қамтамасыз етуге байланысты;

5) ЖШС-ға байланысты сұратуларды жіберу және оларға жауап алу, Пайдаланушылармен кері байланыс жасау, Интернет-ресурсты пайдалануға қатысты хабарламаларды, сұратуларды жіберуді, қызметтерді көрсетуді, Пайдаланушыдан алынған сұратуларды өңдеуді, Пайдаланушылардың белсенділік тарихын және сұратулар тарихын жүргізуді қоса алғанда, қызмет алу тәртібі мен талаптарының мәселелері бойынша Пайдаланушыларды қолдау мақсаттары үшін чат-боттың функционалдық мүмкіндіктерін пайдалануға байланысты кез келген тәсілмен Пайдаланушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге, соның ішінде таратуға, беруге, соның ішінде трансшекаралық беруге келісім беретінін білдіреді.

9.2. Пайдаланушы Еуразиялық экономикалық одақтан тыс жерлерде электрондық сауда тауарларын өткізу қызметін жүзеге асыратын шетелдік компаниялар болып табылатын Сатушылардан Интернет-ресурста сатып алған Тауарды кедендік ресімдеуге, декларациялауға және тазартуға байланысты электрондық сауда операторларымен, уәкілетті мемлекеттік органдармен, курьерлік қызметтермен және басқа да үшінші тұлғалармен қатынастарда Пайдаланушының атынан және оның мүддесі үшін әрекет етуге ЖШС-ға өкілеттік беруді білдіреді.

10. Интернет желісінде алаяқтық жағдайлардың жиілеп кетуіне байланысты Сіздің құпия ақпаратыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

10.1. Логиніңіз бен пароліңізді, Тапсырысты беру кодын, PIN-кодтарды, кредит картаңыздың (төлем картаңыздың) нөмірін, сондай-ақ жеке басыңызды куәландыратын құжаттардың деректерін немесе өзге де деректерді үшінші тұлғаларға бермеуге, соның ішінде телефон арқылы бермеуге;

10.2. Сіздің құпия ақпаратыңызды сұрататын электрондық хаттарға, хабарламаларға жауап бермеуге кеңес береміз.

11. Интернет-ресурстың жұмысына қатысты барлық ақпарат Пайдаланушының назарына мына сайтта осындай ақпаратты орналастыру арқылы жеткізіледі: www.kaspi.kz/shop.

12. Пайдаланушының Интернет-ресурсты пайдалануға қажетті әрекеттері www.kaspi.kz/shop сайтында айқындалған әрекеттер жиынтығымен айқындалады.

13. Пайдаланушыға:

13.1. Интернет-ресурстан деректерді автоматты түрде жинауға (парсинг), соның ішінде Сайтқа, деректер базасына, Тауарлар туралы ақпаратқа, соның ішінде бағасына, сипаттамасына, суреттерге қол жеткізу үшін автоматтандырылған құралдар мен технологияларды (оған қоса, бірақ шектелмей: скрипттарды, боттарды, парсер мен өзге де ұқсас құралдарды/бағдарламаларды), Сатушы туралы ақпаратты және өзге де ақпаратты пайдалануға.

13.2. Сайтқа автоматты түрде кіруді болдырмауға арналған техникалық қорғау құралдарын тексеріп шығуға, оған араласуға немесе өзге де әсер етуге.

13.3. Сатушының рейтингін, сатушының сапа көрсеткіштерін қасақана бұрмалауға бағытталған әрекеттерді жасап, өз құқықтарын теріс пайдалануға, соның ішінде:

- Тапсырыстың кейін күшін жою, Тауарды қабылдаудан бас тарту немесе Тауар карточкадағы сипаттамаға сәйкес келген кезде Тауарды қайтару ниетімен Магазинде жүйелі түрде тапсырыс беруге;
- Көрінеу жалған немесе жаңылыстыратын пікірлер жариялауға;
- Басқа Пайдаланушылармен сатушының рейтингін төмендетуге бағытталған әрекеттерді келісуге;
- Тауар немесе Сатушы туралы кез келген пікірді жариялағаны, өңдегені немесе жойғаны үшін ақшалай немесе басқа материалдық түрде сыйақы алуға немесе талап етуге тыйым салынады.

14. Пайдаланушы Пайдаланушылық келісімнің 13-тармағын бұзған жағдайда немесе оларды бұзды деген күдік болғанда, Магазин Пайдаланушыға қатысты шаралар қолдануға, соның ішінде:

- Сайтта белгілі бір тауарларды сатып алу мүмкіндігіне шектеу қоюға;
- Сайтта сервис ұсынуды тоқтата тұруға;
- Сайтқа кіруді уақытша немесе тұрақты түрде бұғаттауға құқылы.